

2019 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 19 қазандағы № 173 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 қазанда № 6475 болып тіркелді.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін екі пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квоталар осы қаулының 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 143 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5917 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және 2017 жылғы 19 тамызда "Тұран-Қазалы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

Қазалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы "19"
қазандағы №173 қаулысына 1-қосымша

2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімінің 29.04.2019 № 63 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--	--

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) (жұмыскерлердің тізімдік санынан)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Қазалы тынысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	45	2	1
2	"Жылу-XXI" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	75	2	1
3	"СПК Қызылорда Балық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	79	2	2
4	"Сыр Маржаны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	144	2	3

Қазалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы "19" қазандағы №173 қаулысына 2-қосымша

2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) (жұмыскерлердің тізімдік санынан)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Жылу – XXI" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	83	2%	2

Қазалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы "19" қазандағы №173 қаулысына 3-қосымша

2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) (жұмыскерлердің тізімдік санынан)	К в о т а белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Қызылорда облысының білім басқармасының " Қазалы аграрлы-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	130	2%	2
2	"Қызылорда облысының білім басқармасының " Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	156	2%	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК